

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің «Су шаруашылығы және суды пайдалану саласындағы құзыреттер мен технологиялар трансфері орталығы» базасында **7-9 сынып оқушыларына** арналған эссе байқауын өткізеді

**Таңдау бойынша эссе тақырыптары:**

«Суды сақта, өмірді құтқар: суды үнемдеудің маңыздылығы»;

«Менің өмірімдегі су».

**Байқау мақсаты** – білім алушылардың шығармашылық белсенділігін ынталандыру, судың маңыздылығы, өсіп келе жатқан ұрпаққа су тапшылығын үнемдеу мәселесі туралы білімді насихаттау және тарату.

**Байқау 2024 жылғы 18 наурыздан 01 сәуірге дейін «Дүниежүзілік су күніне» орай өткізіледі.**

Жұмыстарды мемлекеттік және орыс тілдерінде **2024 жылғы 01 сәуірге дейін** Word немесе PDF форматында электрондық поштаға қабылданады: [gkabibolla@mail.ru](mailto:gkabibolla@mail.ru), [samala.79@mail.ru](mailto:samala.79@mail.ru) (мемлекеттік тілде); [yeremeyeva83@mail.ru](mailto:yeremeyeva83@mail.ru) , [VKolpakova53@mail.ru](mailto:VKolpakova53@mail.ru) (орыс тілінде) **«Эссе байқауы» хатының тақырыбын көрсете отырып.** Эсседе автордың аты, тегі, және әкесінің аты, сынып және мектеп атауы, байланыс телефоны және электрондық мекенжайы болуы керек.



**Эссеге қойылатын талаптар**

1. Эссе кемінде 1000 және 1200 сөзден аспауы керек, 14 кегль, шрифті Times New Roman, жол аралығы 1,5.
2. Эссе түпнұсқа болуы керек, плагиат, дәйексөздер, дереккөздерге сілтемесіз және этика мен мәтіндерді рәсімдеу ережелерін бұзу болмау керек.
3. Эссе байқауы тақырыбы бойынша автордың жеке пікірін көрсетіп, өз ұстанымын негіздеуі керек.

**Жеңімпаздарды бағалау және марапаттау**

1. Эссені бағалауды «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ «Су шаруашылығы және су пайдалану саласындағы құзыреттер және технологиялар трансфері орталығы» қызметкерлерінің өкілдерінен тұратын Комиссия жүргізеді.

2. Эссені бағалау кезінде төмендегі критерийлер ескеріледі: конкурс тақырыбына сәйкестігі, презентацияның құрылымы мен логикасы, пікірді дәлелдеу мен негіздеу, өзіндік және шығармашылық көзқарас, сауаттылық пен баяндама стилі.

3. Байқау қорытындысы 2024 жылғы 7 сәуірінде Ұйымдастырушының ресми сайтында <https://www.ektu.kz/?lang=ru> және  ,  ЖОО-ның әлеуметтік желілерінде жарияланады

4. Нәтиже қорытындысы бойынша жеңімпаздарға 1,2 және 3 орын беріледі және «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-ректоры атынан алғыс хаттармен және сыйлық сертификаттарымен марапатталады.

5. Жеңімпаздарды марапаттау 2024 жылғы 9 сәуірде сағат 10.00-12.00 Г- 2-106 аудиториясында «Ғылым күнін» өткізу барысында «Су шаруашылығы және су пайдалану саласындағы құзыреттер және технологиялар трансфері орталығында» өтеді.

**Байқау комиссиясы. Жеңімпазды анықтау тәрібі**

1. Байқауы ұйымдастырушы «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ «Су шаруашылығы және су пайдалану саласындағы құзыреттер және технологиялар трансфері орталығы» қызметкерлерінің өкілдерінен байқау комиссияның құрамын қалыптастырады және бекітеді.

2. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау қазылар алқасы мүшелерінің дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады.

3. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

Байқау жеңімпазы конкурстық жұмыстар сапасының төмендегі критерийлеріне сүйене отырып анықталады:

- конкурс тақырыбына сәйкестігі;
- материалды берудің өзіндік ерекшелігі;
- авторлық позицияның бірегейлілігі;
- таңдалған тақырыпты ашу ауқымдылығы.